



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№30 (1942) 9 ҚЫРКҮЙЕК 2024 ЖЫЛ



ҚазҰУ ұжымы Президент жолдауын тыңдады

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев
Парламент палаталарының
бірлескен отырысында
Қазақстан халқына кезекті
жолдауын жариялады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы мен студенттері Президенттің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты жолдауын тыңдады.

Жолдау көрсетілімі университеттің 15 нүктесінде ұйымдастырылды. Президент жолдауы Қазақстанның алдағы кезеңдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларына арналды.

Президент сөз басында Парламент өткен сессияда 102 заң қабылдағанын атап өтті. Олардың қатарында қоғамдық бақылауға, адам саудасына қарсы күреске, ғылым және технология саясатына, жылу энергетикасына қатысты және басқа да заңдар бар. Мемлекет басшысының айтуынша, әлеуметтік салаға, соның ішінде балаларды қорғау ісіне айрықша көңіл бөлінген. Президент халықтың әл-ауқатын жақсартуға септігі тиетін басқа да көптеген шара қолға алынғанына назар аударып, арқаны кеңге салуға болмайтынын, алдымызда әлі талай ауқымды жұмыс тұрғанын айтты.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ

Көшбасшылық кездесуде Жолдау талқыланды



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті-
нің Басқарма Төрағасы –
Ректор Жансейіт Түймебаев
оқу ордасының оқытушы-
профессорлар құрамы және
студент жастармен көшбас-
шылық кездесу өткізіп, ҚР
Президентінің жолдауын
талқылады.

ЖОО басшысы жүздесуде әділетті Қазақстанды құрудағы жастардың рөліне тоқталып, Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде орын алып жатқан елеулі өзгерістерге назар аударды.

«Әділетті Қазақстанды болашақ ұрпаққа аманат ету – баршамызға

ортақ міндет» тақырыбындағы шараға факультет декандары, ардагер оқытушылар, профессорлар, жас ғалымдар, білім алушы жастар және 1-курс студенттері жиналды.

Ректор өз сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына жолдауы ең алдымен ел экономикасын жақсартуға, халықтың әл-ауқатын көтеруге, жастардың тұлғалық белсенділігін арттыруға негізделген ауқымды жоспарларды қамтығанын жеткізді.

Оқу ордасының басшысы болашақ Қазақстанды дамыту, әділетті қоғам құруда жастарға артылар сенім мол екенін айта келе, ең басты міндет білімді және білікті маман болу екенін атап өтті.

Нұрсұлтан
ЖЕКСЕНБАЕВ

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры

Кадрлық ресурстар дайындау маңызды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауы ең алдымен ел экономикасын жақсартуға негізделген ауқымды міндеттерді қамтиды.

Президент кешенді жоспарларды іске асыруда жаңартылған салық заңнамасы жетекші рөл атқаруы тиіс екенін атап өтті. Жаңартылған Салық кодексі кәсіпкерлікті дамыту үшін

қолайлы жағдайлар жасауды және мемлекет экономикасына инвестиция тартуды арттыруды көздейді. Сондықтан жаңа Салық кодексін қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан әлеуметтік-

экономикалық реформаларға сәйкестендіріп, сапалы әзірлеу үшін оны қабылдау мерзімін келесі жылға ауыстыруды тапсырды.

Президент «көлеңкелі экономика» мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуді, қаржы саласындағы құқық бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою қажеттігін баса айтты. Соңғы онжылдықтарда елімізде қо-

мақты капитал тапқан кәсіпкерлерді өз қаражаттарын мемлекет пайдасына жұмсап, мектеп, балабақша, аурухана және қарапайым адамдарға қажетті басқа да әлеуметтік маңызы бар нысандарды салуға шақырды. Еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдау, инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешу кезек күттірмес күн тәртібіне қойылды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы атом электр стансасы туралы референдумға қатысты Үкімет ұсынысын қолдайтынын айта келе, жалпыұлттық референдум биылғы 6 қазанда өтетінін нақты жеткізді. «Алдағы референдум кең ауқымды жалпыұлттық диалогтың тағы бір айқын көрінісі болмақ.

Жалғасы 4-бетте

2-бет

Ғалымдар
«KazLLM» тіл
моделін
әзірлеуге
қатысады



5-бет

Дамудың
басты бағыты
айқындалды



6-бет

АЭС-тің
экономикалық
әсері қандай?





Ғалымдар «KazLLM» тіл моделін әзірлеуге қатысады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Қуанышбек Есекеев келді.

Жұмыс сапары барысында Мемлекет басшысының кеңесшісі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевпен кездесіп, жоғары оқу орнының қызметімен танысты.

Әңгімелесу барысында тараптар жасанды интеллекттің дамыту және «KazLLM» тіл моделін әзірлеу мәселелерін талқылады.

Университет басшысы Қуанышбек Бақытбекұлына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жасанды интеллект

тіні дамыту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында жоғары оқу орнында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Айта кетсек, ҚазҰУ ғалымдары Nazarbayev University, Aqparattyq және есептеу технологиялары институты, Satbayev University, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мамандарымен бірлесіп «KazLLM» атты қазақ тілін жасанды интеллект арқылы дамытудың моделін әзірлейді.

Жүздесуден соң Президент кеңесшісі ҚазҰУ базасындағы ғылыми зертханаларды аралап, университеттің ғылыми әлеуетімен танысты.

**Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ**



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Хайнан кәсіптік ғылым және технологиялар колледжінің вице-президенті Пан Лин бастаған делегациямен келіссөз жүргізді.

Кездесуде екі тарап ынтымақтастық аясында бірлесіп қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілдерін жетік білетін кәсіби аудармашыларды даярлау бойынша өзара пікір алмасты.

Жүздесу барысында Жансейіт Түймебаев Пан Лин бастаған делегацияның университетке сапары екіжақты қарым-қатынасты дамытуға тың серпін

беретінін және жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік жасайтынын атап өтті.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 26 мыңнан астам студент білім алады. Соның ішінде 4 мыңнан астам білім алушы жас шетелден келген. Қазіргі таңда оқу ордасында 970 қытайлық студент оқып жатыр. Болашақта туризм саласында ортақ жұмыс істеуге екі жақтың мүмкіндігі мол деп санаймын. Бүгінде ағылшын және қытай тілдерін жетік меңгерген мамандар сирек. Сондықтан алдағы уақытта ҚазҰУ қазақ, ағылшын, орыс және

Бар-Илан университетімен байланыс

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Израильдің Бар-Илан университетінің бас директоры Зохар Инонмен кездесті.

ҚазҰУ бүгінде Холон технологиялық институтымен және Хайфа университетімен академиялық ұтқырлық бойынша байланыс орнатқан. Ректор бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру, оқытушы-профессорлар алмасу, PhD докторанттарға ғылыми жетекшілікті жүзеге асыру бағыттары бойынша ынтымақтастық бағыттарын атап өтті.

Жақында ҚазҰУ факультеттерінің декандары (химия және химиялық технология, физика-техникалық және механика-математика, ақпараттық технологиялар) Бар-Илан университетінің инженерия факультетінің деканы Зеев Залевскиймен кездесу барысында магистранттар үшін қосдип-



ломды бағдарлама әзірлеу туралы келісімге келген болатын.

ҚазҰУ магистранттары мен докторанттары 2021-2024 жылдары Иерусалимдегі Тель-Авив және Еврей университеттерінде тағылымдамадан сәтті өтті.

«Біз жасанды интеллект және ақпараттық технологиялар саласындағы серіктестікті дамытуға ниеттіміз. Жаңа технологияларды пайдалану саласындағы өзара байланысты

қарастырып, бірлескен жобаларды іске асыру жоспарын дайындау, қосдипломды білім беру бағдарламасын әзірлеу және енгізу қажет», – деп атап өтті ҚазҰУ ректоры.

Кездесу соңында тараптар ынтымақтастық пен бірлескен ғылыми-білім беру жобаларын іске асыру туралы меморандумға қол қойды.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Тяньцзинь университетімен ынтымақтастық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Тяньцзинь университетінің президенті Цзинь Дункан бастаған делегациямен кездесу өткізді.

Шетелдік делегация құрамында интеллект және есептеу колледжінің деканы Ли Кэцю, азаматтық құрылыс факультетінің деканы Ши Яньчао, халықаралық білім факультетінің деканы Ли Цян, Халықаралық ынтымақтастық кеңсесінің директоры Чжан Лин, шет тілдері факультетінің оқытушысы Ли Аньци бар.

«Қазақстан мен Қытай жақын көрші және сенімді серіктес. Екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас өте жоғары деңгейде дамып келеді. Бұған мемлекет басшыларының ресми сапарлары, ортақ іс-шаралар өткізулері, бірлескен форумдар мен кон-



ференцияларға қатысуы дәлел. Бүгінгі таңда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қытайдан келген 970 студент оқиды. Біздің ЖОО базасында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалы табысты жұмыс істейді. ҚазҰУ мен Тяньцзинь университеті арасындағы ынтымақтастық бес жыл бұрын жасалған. Енді біз қарым-қа-

тынасымызды одан әрі тереңдетуге ниеттіміз», – деді ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Тяньцзинь университетінің президенті Цзинь Дункан Қазақстанның жетекші университетімен ынтымақтастықты дамытуға үлкен мән беретінін жеткізді.

**Нұрсұлтан
ЖЕКСЕНБАЕВ**

Қытай колледжімен бірлесіп аудармашылар даярланады

қытай тілдерін жоғары деңгейде біліп шығатын аудармашыларды даярлай алады. Осы бағыттағы жұмыстарды бірлесіп қолға алу қажет деп есептеймін», – деді ректор.

Өз кезегінде Пан Лин әріптестік байланыстарды дамытуға бағытталған бірқатар ұсынысын ортаға салды.

Жүздесу қорытындысы бойынша тараптар екіжақты серіктестікті дамытуға бағытталған барлық бастамаларды қолдайтынын айтып, аталған жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асыруға уағдаласты.

Назерке АСХАТҚЫЗЫ



Жас ғалымдар жобаларға белсенді қатысуы тиіс

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесінде өткен оқу жылының қорытындылары, университеттік ғылымды дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған жаңа жоспарлары мен тұжырымдамасы талқыланды.

2023-2024 оқу жылының қорытындылары туралы Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Алтай Қазмағамбетов баяндап, атқарылған жұмыстың нәтижелерін, жаңа 2024/25 оқу жылына арналған жұмыс жоспары мен басым бағыттарын ұсынды.

Өткен жылы ҚазҰУ-да 539 білім беру бағдарламасы (ББ) іске асырылды, биыл олардың саны 548-ге дейін өсті. Білім беру бағдарламаларының 65 пайызы жоғары оқу орнынан кейінгі деңгейге арналған, бұл зерттеу университетінің стратегиясына сәйкес келеді. Қазіргі уақытта 507 ББ жаңартылды, оның ішінде бакалавриат – 132, магистратура – 236, резидентура – 5, докторантура – 134. Сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне 80 жаңа ББ енгізілді. Спикер сондай-ақ білім беру процесіне жасанды интеллектіні енгізу жөніндегі жұмыстарды атап өтті. Жасанды интеллектіні пайдалану ережелері білім беру процесін реттейтін барлық құжаттарда (академиялық саясат, қорытынды бақылау ережелері және т.б.) көрсетілген. «Ағымдағы оқу жылында біздің алдымызда онлайн-оқытуға лицензия алу міндеті тұр, онлайн-оқыту нысанында ББ іске асыру бойынша жол картасы әзірленді», – деп атап өтті проректор.

Баяндамада сондай-ақ білім беру процесін цифрландыруды дамыту бойынша жоспарлар ұсынылды: ресми және бейресми білім беруді, кәсіптік біліктілікті тануды, интерактивті силабусты енгізуді, сондай-ақ онлайн-оқытуға іріктелетін білім беру бағдарламалары



бойынша Халықаралық онлайн курстары (ХОК) әзірленуде және ЖОО өміріндегі маңызды оқиға – Ф.М. Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінің базасында ҚазҰУ филиалын құру және оның жұмыс істеуі туралы келісімге қол қою. Филиал жұмысының басталуы 2025 жылдың қыркүйегіне жоспарланған.

Университетте жаңа «Криптология» мамандығы ашылды. Академиялық жетістіктерден Алтай Ғабдрахманұлы ҚазҰУ-дың 112 білім алушысы Президенттік стипендия алатынын ерекше атап өтті.

Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректор Жәмила Айтжанова университеттің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері туралы хабардар етті. ҚазҰУ ғалымдары 400 ғылыми-зерттеу жобасын орындауда (2022-2026 жж.). Қаржыландырудың жалпы көлемі 34 млрд теңгеден асты. Бұл Қазақстан бойынша үлкен жетістік. Академик М.Бүркітбаев коммерцияландыру бойынша байқауда 200 млн теңге ұтып алды. Тұсаукесерде сондай-ақ озық өндіріс, цифрлық және ғарыштық технологиялар, энергия, озық материалдар мен көлік, агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуы және т.б. қамтитын ғылыми жобалардың бағыттары ұсынылды. Спикер ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау мәселелерін және ғылыми-зерттеу қызметі саласындағы түрлі жаңалықтарды, мысалы: ҚР ҒЖБМ тапсырмасына сәйкес, зертханаларды цифрландыру

(E-Labs) және мақсатты қаржыландыру бағдарламасы шеңберіндегі ғылыми-техникалық тапсырманың жаңа нысанын атап өтті.

Әлеуметтік-тәрбие жұмысының қорытындысы және білім алушыларды жатақханалармен қамтамасыз ету туралы Басқарма мүшесі – әлеуметтік даму жөніндегі проректордың міндетін атқарушы Сәбит Суатай баяндама жасады. Ғылым және инновациялық қызмет департаментінің директоры Марғұлан Ибраимов «Ғылымды дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасын» ұсынды. Басқарма төрағасы орынбасарының м.а. – бірінші проректор Еркін Дүйсенов «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ-тың 2024/25 оқу жылына арналған кешенді жұмыс жоспарын таныстырды.

Баяндамаларды талқылағаннан кейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ұжымды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. «Ғылым – еліміздің жетекші жоғары оқу орнының қызметіндегі басымдық. Іске асырылып жатқан ғылыми жобалардың нәтижесі мен олардың қоғамда қандай мәселелерді шешуге көмектесетіні басты көрсеткіш болуы тиіс. Жас ғалымдар үлкен әлеуетке ие және олар жобаларға белсенді қатысуы керек. Біз ғылымда көшбасшылыққа ұмтылуымыз керек», – деп атап өтті университет басшысы.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ



Қалашықтағы құрылыс жұмыстары пысықталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ қалашығында жүргізіліп жатқан құрылыстардың жұмысын пысықтады.

Алдымен университет басшысы Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайына барды. Бүгінде Студенттер сарайындағы ескі жабдықтар толығымен шығарылып, босатылды. Күрделі жөндеу жұмыстарынан кейін жиһаздар толық ауыстырылып, сахна пердесі мен қажетті техникалық жабдықтар, көрермен отыратын орындықтар жаңартылады. Ғимараттың ішкі бөлігі соңғы үлгідегі дизайнмен жасалады. Оқу ордасының ректорына құрылыс компаниясының өкілдері жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижелері туралы баяндады.

Кейін Жансейіт Түймебаев спорт кешеніне барып, күрделі жөндеу жұмыстарының барысын тексерді. Жоба бойынша екіқабатты ғимаратта білім алушы жастардың спортпен емін-еркін айналысуына барлық қажетті жағдай жасалады. Кешеннің сыртқы қасбеті жаңартылып, баскетбол, волейбол, күрес, гимнастика, бокс алаңдары салынады. Сондай-ақ киім ауыстыратын бөлме, душ, жаттығу залдары жаңартылады.

Ректор құрылыс нысанында аралау барысында сала басшыларына студенттер арасындағы спортты дамыту үшін барлық спорт түрлеріне қажетті алаңдар жасақтау қажеттігін айтып, нақты тапсырма берді.

Сонымен қатар ЖОО ректоры қалашықта жаңадан салынып жатқан жатақхана мен оқу корпустарының құрылысын қадағалап, мердігер мекеме өкілдеріне жұмысты сапалы және белгіленген мерзімде аяқтауды жүктеді.

Жансейіт Түймебаев Farabi HUB және суперкомпьютер, робототехника орталығына барып, құрылыс барысымен танысты. Бүгінде Farabi HUB ғимаратындағы ішкі құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын. Жоғары технологиялық жобалар мен өнімдерді инновациялық дамыту орталығының жалпы аумағы 5000 шаршы метрді құрайды. Мұнда ғылыми жобалар мен стартаптарға арналған аудиториялар, белгілі шетелдік компаниялардың орталықтары, конференц-залдар, зертханалар, асхана, демалыс орындары мен көрме залдары орналасады.

Құрылыс компаниясының директоры Әбдіғаппар Сәрсенбаев ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаевқа ғимарат ішінде орналасатын заманауи жиһаздардың үлгісін көрсетіп, дизайнын таныстырды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

«Тілдер апталығы» басталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан халқы тілдері күніне орай, «Тілдер апталығы» басталды. Биыл апталық аясында 35-тен астам іс-шара өткізу жоспарланған.



Мақсат – Қазақстанда тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген құрметі мен білім алушы жастардың мемлекеттік тілге деген қызығушылығын арттыру, тіл мәртебесін көтеру.

Бір апта көлемінде өтетін

апталық аясында түрлі конференциялар, түрколог, филолог ғалымдардың көшбасшылық дәрістері, ашық кураторлық сабақтар, танымдық рухани шаралар өткізіледі. Студенттер үшін ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының мұражай-үйіне экскурсия ұйымдастырылады.

Белгілі тіл мамандарының қатысуымен жасанды интеллектіні қазақша құру, ісқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу, жоғары оқу орындарында жиналған қазақша контентті Google деректер қорына жүктеу мәселелері талқыланады.

Сонымен қатар Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары «Қазақ тілін және технологиялық прогресті қолдау үшін үлкен тілдік модельді (LLM) құру» тақырыбында 3 млрд теңгенің мегажобасын жеңіп алды.



Соңы. Басы 1-бетте

Шын мәнінде бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекетке» тән сипат. Біз осындай қадамдар арқылы жаңа қоғамдық-саяси мәдениеттің негізін қалаймыз. Маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдаудың жаңа үлгісін жасаймыз», – деп, ел қолдауына сенім артты. Бұл – ұзақ мерзімдік мүмкіндіктеріміз бен болашағымызды қалыптастыратын ел дамуының негізгі жоспарларының бірі. Осы ретте жоба Қазақстанға қандай пайда әкелуі мүмкін және ол болашағымызға қалай әсер етеді, сондай-ақ осы мақсатта қандай кадрлар даярлау керектігіне шолу жасайық.

Атом электр стансасы өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік және экономиканың басқа да салалары үшін аса маңызды электр энергиясымен тұрақты және ұзақ мерзімді қамтамасыз етуге қабілетті. Елдің энергетикалық қауіпсіздігі – оның экономикалық тәуелсіздігі мен саяси тұрақтылығының кепілі. Уранның қомақты қоры бар Қазақстанның электр энергиясын өндіру үшін өз ресурстарын пайдалану мүмкіндігі зор. Бұл импортқа тәуелділікті азайтып, ұлттық қауіпсіздікті нығайтады.

Атом энергетикасын дамыту міндетті түрде еліміздің ғылыми-техникалық әлеуетін көтеру қажеттігімен байланысты. Атом электр стансасын салу және пайдалану ядролық физика, энергетика, материалтану және сабақтас пәндер саласындағы білім мен зерттеулердің дамуын ынталандырады. Қазақстан халықаралық ынтымақтастық пен ғылым мен технологияға инвестиция тарту үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын атом энергетикасы саласындағы елеулі елдердің бірі болады. Жетекші халықаралық ғылыми орталықтармен бірлескен зерттеулер, атом энергетикасын дамытудың халықаралық бағдарламаларына қатысу және басқа елдермен тәжірибе алмасу еліміздің озық ғылыми орталық ретінде әлемдік аренадағы орнын нығайтады.

Еліміздің атом өнеркәсібін кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету жүйесінің тиімді жұмыс істеуі қажеттігін де атап өту маңызды. Бұл жерде әңгіме тек ядролық физиктерді ғана емес, сонымен қатар атом электр стансаларын жобалауға, салуға және одан әрі пайдалануға қатысатын инженерлерді, экологтарды, химиктерді, конструкторларды, IT мамандарын, операторларды, техниктерді дайындау туралы болып отыр. Сонымен қатар осы салада қазірдің өзінде дайындалған мамандардың біліктілігін арттыруға ерекше назар аудару қажет. Елімізде атом электр стансаларын салу туралы оң шешім қабылданған жағдайда атом энергетикасы саласын дамыту үшін радиациялық қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын сақтауға және реттеуге қабілетті білікті мамандарды белсенді дайындау қазірден басталуы тиіс.

Бүгінгі таңда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физикатехникалық факультетінің Теориялық және ядролық физика кафедрасында бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша «Ядролық физика», «Теориялық ядролық физика», «Ядролық медицина» және «Ядролық инженерия» білім беру бағдарламалары бар. Сондай-ақ бүгінгі күнге дейін

атом саласы үшін 580 бакалавр, 265 магистр және 58 PhD докторы даярланды.

Қосдипломдық бағдарлама бойынша Ресей Федерациясының Дубна университетімен «Ядролық физика» бакалаврлары (65 түлек); Ресейдің МИФИ Ұлттық зерттеу ядролық университетімен «Теориялық ядролық физика» және «Ядролық медицина» мамандықтары бойынша магистратураға (27 түлек) және Жапонияның Хоккайдо университетінде «Ядролық медицина» мамандығы бойынша докторантурада білім алды.



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры

Кадрлық ресурстар дайындау маңызды

Осы білім беру бағдарламаларының түлектері Ядролық физика институтында, Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығында, Біріккен ядролық зерттеулер институтында, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК-да, ECOSERVICE-S компаниясында, Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтында және басқа да мамандандырылған мекемелерде жұмыс істейді. Елімізде атом энергетикасын дамыту перспективаларына байланысты атом электр стансалары үшін жоғары білікті отандық кадрларды даярлау мақсатында «Ядролық инженерия» білім беру бағдарламалары басталды. Қазақстан Республикасы Энергетика министрілігі практикалық-бағдарланған оқытуға баса назар аударатын, 2023 жылдан бастап – бакалавриат, 2024 жылы – магистратура ашылды. Университетімізде Қазақстан Республикасы Энергетика министрілігінің Ядролық физика институтымен бірлесіп «Ядролық физика» білім беру бағдарламасы бойынша диссертацияларды қорғау және философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңес жұмыс істейді.

Мұның барлығы атом электр стансаларының сенімді, тұрақты жұмысын қамтамасыз ететін, экологиялық және радиациялық қауіпсіздікті сақтайтын заманауи технологияларды қолдануға қабілетті жоғары білікті кадрларды даярлауға ықпал етеді. Бұл болашақта атом энергетикасы тұрақты жасыл энергетиканың негізгі элементіне айналуына жол ашады.

Жолдауда көтерілген тағы бір тақырып – ғылым және жоғары білімді дамыту, үздік университеттердің нақты сектормен байланысын нығайту, инновациялық саясатты еліміздің ғылыми-технологиялық басымықтарымен үйлестіру, жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттыру.

Ғылым мен инновацияны тиімді ұйымдастыру тақырыбы соңғы уақытта университет жұмысында маңызды орын алып отыр. Президент сөзінің басында Парламент өткен сессияда 102 заң қабылданғанын баяндады. Олардың қатарын-

дағы Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заңы университеттің ғана емес, Қазақстан экономикасының да ғылымын дамытуда шешуші рөл атқарады. Заң қазақстандық ғылымның одан әрі дамуына ықпал ететіні, елдің бәсекеге қабілеттілігін, ғылыми және инновациялық қызметті үйлестіруді қамтамасыз ететіні сөзсіз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңының қабылдануын зор ықыласпен қабылдады. Заң жобасын талдау оның ғылым мен инновация арасындағы ажырамас байланыстың болуын растайтын осы саладағы заманауи зерттеулерді ескере отырып дайындалғанын көрсетеді.

Университет өз ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамының ғылыми қызметінің жетістіктері мен нәтижелерін тиімді диалог, өнімді ақпарат алмасу арқылы насихаттайды. Сонымен қатар жетекші ғалымдардың әлемдік және отандық ғылыми қоғамдастықпен ынтымақтастығын кеңейту үшін тиімді платформа ретінде қызмет ететін ғылыми іс-шараларды өткізеді.

Заңның маңызды жаңалықтарының ішінде ғылыми ұжымдардың – заңды тұлғалар болып табылмайтын ғалымдар бірлестіктерінің мәртебесін реттеуге ерекше назар аударуға болады. Бұл өз кезегінде ғалымдарды гранттық қолдауды жеңілдетеді.

Заңда ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті болжауға ерекше назар аударылды. Осылайша университетте ғылыми-инновациялық қызметтің негізгі көрсеткіштеріне уақтылы мониторинг жүргізуге мүмкіндік беретін «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған бағдарламасы» бекітілді.

Жаңа заңда жас ғалымдарды қолдауға ерекше көңіл бөлінеді. ҚазҰУ-дың кадрлық саясаты нәтижелі жұмыс істейтін жас ғалымдарды мақсатты қолдау, жас ғылыми кадрлардың

нақты зерттеу нәтижелерін ынталандыру қағидатына негізделген. Университетте жас ғалымдарды ынталандыру жүйесі құрылды және жас ғалымдарды белсенді ғылыми қызметке ынталандырудың барлық жолдары жасалды. Соның бірі жас ғалымдарға шетелде жаңа технологияларды игеруге септігін тигізеді.

Осылайша «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң қосымша бюджеттен тыс қаражат тартуға ықпал етіп қана қоймай, университет ғылымының алдында тұрған маңызды міндеттерді шеше бастады.

Ұлттық мүдделердің мызғымастығы, ұлт өмірінің сапасын арттыру, қауіпсіздік пен заң үстемдігін қамтамасыз етуге де жолдауда айрықша маңыз берілген. Орталық Азия аймағындағы күштер тепе-теңдігін қамтамасыз етудегі Қазақстанның орны мен рөлі туралы көзқарасты айқындайды. Президент Қазақстан БҰҰ Жарғысына сәйкес келетін кең ауқымды көпжақты ынтымақтастыққа өзінің оң көзқарасын білдірді. Мемлекетаралық саяси және экономикалық қатынастар саласындағы ел басшылығының саналы шешімдері Қазақстанға ұлттық мүдделерді лайықты қорғауға, саяси тұрақтылықты, азаматтардың сенімін қамтамасыз етуге кепілдік береді. Бұған Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесі, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Түркі мемлекеттері ұйымының мемлекет басшыларының саммиттерін қоса алғанда, маңызды халықаралық іс-шараларды өткізудегі Қазақстанның бастамалары нақты мысал.

Көпшілік көңіліне жылы ұялаған тағы бір жайт – 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялау жайында маңызды бастама айтылды. Бұл мәлімдеме техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің кең реформаларын, еңбекқорлық пен кәсіпқойлыққа баса назар аударуды, сондай-ақ әртүрлі жұмысшы кәсіптерінің мәртебесі мен беделін арттыру шараларын қамтиды.

Жұмысшы мамандықтары жылының негізгі міндеттерінің

бірі – техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде реформаларды жүзеге асыру. Бұл экономиканың түрлі салаларында табысты жұмыс істей алатын мамандарды даярлау сапасын жақсартуға бағытталған. Реформа оқу жоспарларын жаңартуды, жаңа білім беру стандарттарын енгізуді, оқытушылардың біліктілігін арттыруды және бизнеспен серіктестікті дамытуды жолға қояды. Жылдам технологиялық прогресс пен еңбек нарығының өзгеріп отыратын талаптары жағдайында білім

беру мекемелерінің өзекті талаптарға сай болуын және қажетті білімі мен дағдылары бар мамандарды даярлауды қамтамасыз ету өте маңызды. Бұл қазіргі экономиканың міндеттеріне тиімді жауап бере алатын білікті жұмыс күшін құруға көмектеседі.

Сонымен қатар Жұмысшы мамандықтары жылы еңбекқорлық пен кәсіпқойлық құндылықтарын ілгерілетуге де назар аударады. Президент адал және қажырлы еңбекпен табысқа жеткендерді құрметтеудің маңыздылығына тоқталды және мұндай адамдар қоғамда құрметке ие болуы керек екенін нықтап айтты. Осы құндылықтарды енгізу және нығайту еңбекке, сондай-ақ кәсіпқойлыққа құрмет көрсету мәдениетін қалыптастыруға ықпал етері сөзсіз. Бұл өз кезегінде жұмыс процесінде жалпы атмосфераны жақсартып және қызметкерлердің ынтасын оятады. Өнімділік пен тиімділікті арттыра отырып, еңбек қызметінің оң имиджін қалыптастырады. Бастаманың маңызды бөлігі – әртүрлі салада жұмыс істейтін еңбек адамының мәртебесін арттыру. Атап айтқанда инженерлер, геологтар, кен орындарын әзірлеушілер сияқты мамандықтардың қызметкерлері үшін, көлік, аграрлық және су салаларындағы мамандар, сондай-ақ ғалымдар мен өнертапқыштар үшін жаңа құрметті атақтар енгізілетін болады. Құрметті атақтар мен марапаттар беру атқарылған еңбекті мойындау және ынталандыру ретінде қызмет етеді. Бұл әртүрлі салалардағы жұмыстың маңыздылығын атап қана қоймайды, сонымен қатар кәсіби өсуге және жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ынталандырады. Марапаттау жүйесі осы мамандықтардың беделін арттырып, жастарды жұмысшы мамандықтарына тартуға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, жолдаудың барлық тапсырмалары нақты тұжырымдалған, атқарушы және заң шығарушы билік тармақтарын қатаң тәртіпке көлтіруге арналған. Жолдауды орындауға қоғамның барлық құрылымдық буындары, соның ішінде еліміздің әрбір азаматы атсалысады деген ойдамыз.

Дамудың басты бағыты айқындалды

АЭС жайындағы миф пен шындық

Атом электр стансасы төңірегінде миф пен қате түсініктер көп. Сондықтан ең көп талқыланатын энергетикалық нысандардың бірі болып саналады. Миф атаулы көбіне ақпараттың жетіспеушілігі немесе сирек кездесетін, бірақ орын алған апаттардан туындаған шамадан тыс қорқынышқа қатысты екенін айтуымыз керек. Дегенмен нақты деректер мен заманауи технологияларды қарастыру атом энергетикасының рөлі мен перспективаларына объективті баға беруге мүмкіндік береді.

АЭС – қауіпсіздігі ең көп таралған мәселелердің бірі. Атом стансаларынан қорқу 1986 жылы Чернобыль атом электр стансасындағы және 2011 жылы жапондық Фукусимадағы апаттарға қатысты туындаған. Бұл апаттар атом энергетикасы қауіпінің символына айналды, алайда олардың түрлі контекстерде және технологиялық дамудың алуан деңгейлерінде болғанын ескеру маңызды. Чернобыль апаты жобалау мен басқарудағы елеулі қателіктердің, сондай-ақ сенімді қауіпсіздік жүйелерінің болмауының нәтижесінен орын алды. Фукусима өз кезегінде ескірген құрылымдардың табиғи апаттарға осалдығын көрсетті.



Алайда содан бері атом энергетикасы қауіпсіздік саласында үлкен қадам жасады. Қазіргі заманғы үшінші және төртінші буын реакторлары көп деңгейлі қорғаныс жүйелерімен жабдықталған. Мысалы, пассивті қауіпсіздік жүйелері реакторды сыртқы араласуды немесе электрмен жабдықтауды қажет етпестен автоматты түрде салқындата алады. Мұндай шаралар ауыр апаттар қаупін едәуір азайтады және олардың пайда болу ықтималдығы өте төмен болып қалады.

Сәуле ЖАУҒАШЕВА,
физика-техникалық
факультетінің Теориялық
және ядролық физика
кафедрасының доценті

Экономикалық әлеуетімізге оң ықпал етеді

Осы жолғы Президент жолдауы Қазақстанның алдағы кезеңдегі саяси-әлеуметтік және экономикалық даму перспективаларын, елдің экономикалық әлеуетін кеңейтуге бағытталды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы жолдауда шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың тиімділігі мәселесін көтерді. Жалпы, экономикалық-әлеуметтік әсері тұрғысында кәсіпкерлік елдегі негізгі әлеуметтік мәселелер бойынша кедейлік пен табыс теңсіздігін азайтудың құралы бола алады. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған, ерекше қажеттілікке ие адамдарға кәсіпкерлер тұрақты жұмыс орындарын ұсынып, тұрақты табыс беріп, олардың әлеуметтік жағдайын көтеруге тікелей септігін тигізеді. Осылайша ШОБ дамуы тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді деуге болады. Ол үшін кәсіпкерлерге қолжетімді жеңілдіктер жасау керек.

Сонымен қатар ШОБ дамуы үшін финтек тәсілдерін пайдаланып, шағын және орта кәсіпкерлікке инвестиция тарту, бизнесті дамыту үшін инвестициялық климат құру өте маңызды. Жасанды интеллект, майнинг жүйелеріне тиімді қолдау қажет.

Осы ретте, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Экономика кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы Президент жолдауында белгіленген өзекті мәселелерді, соның ішінде



зерттеуге бағытталған 2024-2026 жылдар аралығына АР23489032 «Қазақстан өңірлерінде табыс теңсіздігі және кедейлік деңгейін төмендетуге шағын және орта кәсіпкерліктің әсерін әлеуметтік турбуленттіліктің жергілікті тәуекелдерін азайту тұрғысында зерттеу» тақырыбындағы ғылыми жобаны жүзеге асыруда. Гранттық қаржыландыру шеңберінде Қазақстан өңірлерінде шағын және орта кәсіпкерліктің табыс теңсіздігі мен кедейлік деңгейін төмендетуге әсерін бағалау, шағын және орта кәсіпкерліктің әлеуметтік әлеуетін арттырудың тиімді құралдарын анықтау жоспарлануда. Бұл өз кезегінде ҚР Президентінің қойып отырған саяси және әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін ғылыми негізде зерделеуге, нақты ұсыныстар қалыптастыруға әсер етеді деген сенімдеміз.

Ғалия ДӘУЛИЕВА,
Экономика кафедрасының
меңгерушісі

Ерекше оптимистік маңызға ие

Әлемдегі және көршілес елдердегі геосаяси жағдайдың қиын кезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті жолдауы ерекше оптимистік маңызға ие.

Қазір дүниежүзінде цифрлық және жасанды интеллектіге бәсеке қызып тұр. Барлық жерде ресурстар үшін талас жүріп жатыр. Климаттың өзгеруі, азық-түлік қауіпсіздігі және демографиялық тұрғыдан орнықты даму ең өзекті мәселеге айналды. Бір сөзбен айтқанда, адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған сын-қатерлер мен түбегейлі өзгерістер дәуірі басталды. Сонымен қатар өткен жылғы жолдауда сөз болған атом электр стансасын салу мәселесі айтылды. Әлеуметтік желіде тараған және қоғамда үлкен резонанс тудырып отырған жасөспірімдерге зорлық-зомбылық, әлеуметтік қиындықтар, медицина саласында қызметтің төмендігі, білім беру мен ғылымның сәйкессіздігі т.б.



мәселелерге жан-жақты тоқталып өтті.

Елімізде орын алып отырған мәселелерді жіті бақылап, заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құру қажет. Яғни қоғамның болашағына кесірін тигізетін буллинг, әлімжеттік, вандализмге, лудоманияға тосқауыл қоятын заңдар қабылданатын болады. Сонымен қатар әскердегі әлімжеттік салдарынан сарбаздардың мүгедек болып, соңы өлімге алып келуі қоғамда үлкен

резонанс тудырып отыр. Осының дер кезінде шешімін тауып, әскердегі темірдей тәртіптің қажеттігі туралы айтып өтті. Бауыржан Момышұлының сөзімен айтқанда: «Тәртіпке бағынған құл болмайды». Демек, тәртіп бар жерде береке мен бірлік, мәдениет бар.

Еліміздің басты құндылығы – бірлік пен келісім ең алдымен осы қасиеттердің арқасында сақталып отыр. Қазақстанда тіліне, дініне, ұлтына, әлеуметтік жағдайына және басқа да себептерге байланысты ешкімге ешқандай қысым жасалмайды және елдің бірлігі мен тұтастығы маңызды болып табылады. Демек, мемлекеттің болашағы – мектепте білім алып жатқан жастарымыздың бойында ұлттық тәрбие мен ұлттық идеологияны қалыптастырудың маңызы зор деп білеміз.

Абай ҚАБАҚБАЙҰЛЫ,
педагогика ғылымының
кандидаты, доцент

Ашық талқылануы тиіс мәселе

Қазақстанда АЭС салу туралы мәселе бүгінгі күні қоғамда қызу талқылануда. Бұл осы мәселенің қоғам өмірі, болашағы үшін аса маңызды екенін дәлелдейді. Негізінен қоғамдық пікір сан түрлі: бірінші топ АЭС салуға үзілді кесілді қарсы, ал екінші топ «АЭС салу керек» дейді. Байқалатыны, бірінші топтағылар өз пікірлерін (негізінен әлеуметтік желілерде) едәуір агрессивті білдіруде және бұл пікірді қоғамды жайлаған парақорлық, халықаралық саяси жағдайдың тұрақсыздығы, экономикалық тұрғыдан АЭС салудың қаншалықты тиімді екенінің белгісіздігімен негіздейді. Бұл топтағылардың қоғамның қандай әлеуметтік тобына жата-



тындары да айқын емес, олар негізінен әлеуметтік желі тұтынушылары. Ал екінші топ АЭС салуды енжар, сылбыр қолдаушылар. Олар бірінші топтағылардай өз пікірлерін ашық және қызу білдірмейді. Бұл

пікірді оларға сырттан таңып отырғаны сезіледі. Бұл топтағылар негізінен мемлекет қызметкерлері, мұғалімдер, ғылыми зиялылар. Олардың өздері айтып отырған пікіріне өзі сенімді емес екені байқалады. Қоғамдағы ең басты қайшылық – «АЭС-ті Ресей салуы мүмкін» деген қауіп. Алдағы референдум нәтижесін шығаруға деген үлкен сенімсіздік бар. Сондықтан қоғам үшін аса маңызды бұл мәселе ашық және адал талқылануы тиіс. Бұл менің жеке пікірім.

Имамбек ОҒЛАСЫН,
Теориялық және ядролық
физика кафедрасының
доценті

Увеличение генерации электроэнергии возможно только при помощи ядерной энергетики

Для объяснения своей поддержки строительства атомной электростанции в РК я приведу несколько цифр. Согласно данным facebook, ВВП на душу населения по паритету покупательной способности в Казахстане примерно в два раза меньше, чем в США, а предусмотренные мощности генерации электроэнергии на душу населения отличаются в три раза. Для меня очевидно, что дальнейший рост экономики Казахстана без выравнивания указанной диспропорции невозможен. То есть, нужно увеличение мощности генерации электроэнергии в полтора раза, а с учетом времени строительства, в два раза. Решить такую задачу в РК можно только при помощи ядерной энергетики.



По моему мнению строительство одного мощного блока АЭС (1200-1400 МВт) не только не решает указанную выше проблему, но и приведет к удорожанию электроэнергии по сравнению со стоимостью кВт*ч при строительстве нескольких энергоблоков одно-

временно. В качестве действующего примера можно привести строящиеся АЭС: «Аккую» (Турция) будет содержать четыре энергоблока по 1200 МВт, а «Барака» в Дубае содержит 4 блока по 1400 МВт. Поэтому разумно строить АЭС на четыре энергоблока с мощностью 1200-1400 МВт. Чтобы достичь разумных пропорций между ВВП и мощностью генерации электроэнергии страны нужно строительство двух-трех четырех энергоблочных АЭС одновременно.

Федор ПЕНЬКОВ,
д.ф.-м.н.,
профессор кафедры
теоретической
и ядерной физики КазНУ
имени Аль-Фараби

Ядролық энергетика – бұл электрмен жабдықтауға кепілдік беретін, ластаушы шығарындыларды тоқтататын, сыртқы энергияға тәуелділікті азайтатын және тұрақты электр энергиясын өндіретін энергия көзі. Атом энергетикасы өлемдегі электр энергиясының шамамен 15 пайызын құрайды.

Дүниежүзіндегі ең алғашқы АЭС 1954 жылы Обнинск қаласында (КСРО) салынды. Оның қуаты 5Мвт болды. Кейіннен Колдерхоллда (Англия), Шиппингпортта (Америка) АЭС жұмысын бастады. Америкада тұтынуға қажетті барлық электр энергиясының – 23, Францияда – 75, Жапонияда 48 пайызын АЭС береді. АҚШ-та 100-ден астам реакторы бар ең ірі атом энергетикасы жұмыс істейді. Ал Францияда 50-ден астам АЭС бар. Өлемдегі электр қуатын өндіретін 15 жетекші елдің Италия мен Австралиядан басқасы атом энергиясын өз электр энергиясының бір бөлігін өндіру үшін пайдаланады. Ядролық реакторларды өндіру қуатының басым бөлігін Солтүстік Америка, Еуропа және Азияда орналасқан. Атом энергетикасының алғашқы кезеңінде Солтүстік Америка (АҚШ, Канада) үстемдік жаса-са, кейіннен Еуропа елі жетекшілік етті. Қоршаған ортаға әсерін бағалау ұйымы 2035 жылға қарай Азия ең үлкен ядролық қуатқа ие болады деп болжам жасайды. Әрине, бұл негізінен Қытайдағы амбициялық құрылыс бағдарламасына байланысты жасалынған болжам.

Бүгінде әлемнің 30-дан аса елінде 400-ден аса ядролық энергетикалық реакторлар жұмыс істейді. Олардың жалпы қуаттылығы шамамен 390 ГВт, әлемдегі электр энергиясының 10,5 пайызын өндіреді. Атап айтқанда: АҚШ – 93, Қытай – 57, Франция – 56, Ресей – 37, Оңтүстік Корея – 25, Канада – 19, Үндістан – 19 (уақытша тоқтатылған – 4), Украина – 15, Жапония – 12 (уақытша тоқтатылған – 21), Англия – 9, Испания – 7, Пәкістан – 6, Швеция – 6, Бельгия – 5, Венгрия – 5, Финляндия – 5, Чехия – 5, Швейцария – 4, Аргентина – 3, БАӘ – 3, Беларусь – 2, Бразилия – 2, Мексика – 2, Румыния – 2, Армения – 1, Иран – 1, Нидерланды – 1, Словения – 1. БҰҰ-ның МАГАТЭ (Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттігі) мәліметі бойынша 17 елде 58 қондырғының құрылысы жүргізілуде: Қытай – 22, Үндістан – 8, Түркия – 4, Оңтүстік Корея – 3, Ресей – 3, Египет – 3, Англия – 2, Жапония – 2, Украина – 2, Бангладеш – 2, АҚШ – 1, БАӘ – 1, Словакия – 1, Иран – 1, Франция – 1, Бразилия – 1, Аргентина – 1. Бұл елдер энергетика мен қоршаған ортаның алдында тұрған қиындықтарды түсіне отырып, атом энергиясын өз елдерінің бүгінгі мен болашағының маңызды көзі санайтындықтан, жаңа зауыттар салуда. Қытай – әлемдегі ең көп реакторларды салған ел. Оның 55 қондырғысы жұмыс істеп тұр. Одан кейін құрылысы қарқын алған сегіз реакторы

бар Үндістан, төрт реакторы бар Ресей мен Түркия, үшеуі бар Оңтүстік Корея тұр. 2022 жылы Египет өзінің алғашқы АЭС құрылысын бастады. Тағы да 100 АЭС салу жоспарланған.

Кейбір елдерде жедел нейтронмен жұмыс істейтін тиімді реакторлар іске қосылған. Оның ең алғашқысы Қазақстанда салынған. Ол Ақтау қаласын тұщы сумен, электр энергиясымен қамтамасыз етеді. XX ғасырдың соңында дүниежүзіндегі АЭС-тердің

гияларды енгізу АЭС-тің жоғары тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді; атом энергетикасы еліміздің технологиялық дамуына және жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді; АЭС-тің жұмыс істеуі олар орналасқан аймақтардың экономикалық өсуіне ықпал етеді; заманауи АЭС энергия тиімділігін арттыра отырып, смарт-желілік жүйелерге біріктірілуі мүмкін; атом энергетикасы импорттық энергия ресурстарына

денттің тапсырмасы бойынша Қазақстанда 2050 жылға дейін көміртегін аз пайдаланып, дамыту тұжырымдамасы әзірленуде. Сондай-ақ Үкімет электр энергетикасын дамыту жөніндегі ұлттық жобаны пысықтауда, еліміздің 2035 жылға дейінгі энергиялық теңгерімі дайындалуда.

«Қазақстан жаңартылатын және баламалы қуат көздерін дамытуға нақты бағыт алды. Еліміз жалпы энергия теңгерімі құрылымындағы жаңартыла-

Абәнің кездесуінде елімізде АЭС-ті жапон технологиясы бойынша салу туралы келісім болған. АЭС жайлы түсінік болу үшін бірінші кезекте мұның біз күнделікті қолданатын электр энергиясын алудың бір жолы ғана екенін ұғынуымыз қажет. Бүгінге дейін елімізде электр қуатын ЖЭС және СЭС-тен алып келеді. Біз қолданып жүрген электр қуатының 90 пайызға жуығы ЖЭС-тен алынған. Елімізде электр энергиясының 70 пайызы көмірден, 14 пайызы

АЭС-тің экономикалық әсері қандай?

жалпы қуаты 500 000 Мвт-қа жетті. Ядро энергиясынан электр тогын тікелей (турбинасыз, электр генераторсыз) алу жолдары да зерттелуде. Әсіресе термоядролық энергияны игеру ісіне халықаралық қауымдастықтар атсалысуда. Ондай АЭС-тер адам баласының тұтынуына қажет энергия мәселесін түпкілікті шешетін болады. Қазақстанда АЭС-тің орналасу аймағы ретінде Абай облысындағы Курчатов қаласы және Алматы облысындағы Үлкен ауылы таңдалған.

2035 жылға қарай ел экономикасы мен халықтың қосымша электр энергетикалық сұранысы 18 ГВт-тан астам жаңа буынды қажет етеді. Яғни ол уақытқа дейін қолданыстағы электр стансалардың генерациясы тек 135 млрд КВт сағатты құраса, қазіргі таңда тұтыну мөлшері 152,4 млрд КВт сағатты құрап отыр. Бұл ағымдағы энергия көздері болжамдалған мөлшерден бөлек, тіпті қазіргі жүктемелерді толықтай қамтамасыз ете алмайды. Ядролық генерацияны дамытудың және көміртегі бейтараптығының жаһандық күн тәртібінде сақтаудың қажеттіліктері: елдегі электр энергиясын өндірудегі таза электр энергиясының үлесін арттыру; ел экономикасындағы көміртегі салдарын азайту; Қазақстанның СО₂ шығарындыларын азайту жөніндегі міндеттемелерін орындау; елдің энергетикалық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, соның ішінде жаңартылатын энергия өндірудің өсуін қолдау болып табылады.

Қазақстанның экологиялық жағдайына тоқталсақ, парниктік газдардың ішінен көмірқышқыл газы СО₂ – 81,6 пайызы қазбалы отынды жағу кезінде бөлінсе, РІ экстракция процестерінде метан СН₄ – 12,4 пайыз шығарылып, азот оксиді N₂O – 5,6 пайызды құрауда.

Қазақстандағы АЭС еліміздің энергетикалық саясатының маңызды бағыты. Болашақта Қазақстанда атом энергетикасын дамытудың бірнеше елеулі артықшылықтары бар екенін атап өтуге болады: АЭС елді энергиямен қамтамасыз ету көздерін әртараптандыруға, көмір мен газға тәуелділікті азайтуға ықпал етеді; атмосфераға парниктік газдар шығарындыларын азайтатын экологиялық таза энергия көзі; атом энергиясы энергиямен қамтамасыз етудің тұрақтылығын қамтамасыз етеді, өйткені АЭС үздіксіз жұмыс істейді және ауа райы жағдайына тәуелді емес; заманауи техноло-

тәуелділікті азайтып, елдің энергетикалық тәуелсіздігін нығайтады; АЭС Қазақстанның энергетикалық инфрақұрылымын дамытудың ұзақ мерзімді перспективасын қамтамасыз етеді; АЭС-ті сутегі және басқа да жоғары технологиялық өнімдерді өндіру үшін пайдалануға болады; АЭС енгізу ядролық физика мен технология саласындағы зерттеулер мен инновацияларға ықпал етеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауында: «Күн өткен сайын экономикамызға мол энергия қажет болып жатыр. Мұндай сұранысты атом энергетикасы қамтамасыз ете алады», – деді. Президенттің АЭС салу туралы мәселені көтеруі мемлекетіміздің маңызды шешімі болмақ. «Еліміздің ұзақ мерзімді ұлттық мүддесі мен ерекшеліктерін ескере отырып, біз болашақ туралы ойлануымыз керек. Сондықтан мен АЭС құрылысы мәселесін дестратегиялық сипаттағы жоспарларды қоғам талқысынан кең көлемді талқылап, ой елегінен өткізіп барып шешім қабылдау қажеттігін үнемі айтып келемін», – деп қоса айтты. «Бүгінде энергетиканың Қазақстан экономикасындағы рөлі зор. Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – басты міндеттің бірі. Қазақстанда энергияны тұтыну қарқыны жылдан-жылға артып келеді. Бірақ іске қосылып жатқан жаңа қуат көздері оған сай емес. Сұраныстан артық өндірілген электр қуаты таяу арада сарқылуы мүмкін. Шын мәнінде еліміздің дамуы энергетика саласының тұрақтылығына тікелей байланысты», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, әлемде өнеркәсіп пен экономиканы көміртегінен ада қылудың орнықты үрдісі байқалады. ЕО-ға мүше елдерде парниктік газдардың қалдығын 2030 жылға қарай 55 пайызға азайту жоспарлануда. ЕО-да көміртегі салығы (carbontax) енгізіледі. Бұл қазақстандық өнімнің экспортын едәуір қиындатуы мүмкін. Жаңа жағдайларға байланысты тауарларға қойылатын техникалық регламенттер, стандарттар мен талаптар өзгереді. Прези-



тын қуат көздерінің сапалы өсімін 3 пайызға жеткізе алды. Бұған дейін біз бұл көрсеткішті 2030 жылға қарай 10 пайызға дейін жеткізуді мақсат еттік. Жаңа жағдайларды және қазіргі оң қарқынды ескере отырып, электр қуатын беретін стансалардағы жаңартылатын қуат көздерінің үлесін 2030 жылға қарай 15 пайызға дейін жеткізуді міндеттеймін», – деді Мемлекет басшысы.

АЭС құрылысының егемен еліміздің дамуына мультипликативті әсерінің мәнін ашып көрсетейік. Өлеуметтік әсерін қарастыратын болсақ: ғылыми-техникалық, жоғары білікті кадрлар әлеуетінің өсуі; құрылыста 8000 адамға дейін жұмыс орнының және эксплуатация кезеңінде 2000 адамға дейін жоғары сапалы персоналдың қалыптасуы; АЭС салу кезіндегі бір жұмыс орны іргелес салаларда 10-нан астам жұмыс орнын ашады. Техникалық әсерін қамтысақ: жергілікті өнеркәсіпті дамыту, жанармай базасын кешенді пайдалану; 60 жылдан астам уақытқа тұтынушыларды энергиямен қамтамасыздандыру. Экономикалық әсеріне тоқталсақ: жергілікті кәсіпкерлікті қолдау (құрылыс-монтаждау жұмысы кезінде шамамен 2,5-3,5 млрд доллар табыс түседі); бүкіл өмірлік цикл кезіндегі салық түсімдері – 2,5-3 млрд доллардан асады; елдің инвестициялық тартымдылығы артады. Экологиялық әсерін баяндасақ: парниктік газдар шығындыларын жылына 10 млн тоннаға дейін азайту.

Айта кету керек, Қазақстанда өз атом стансасы болған. Еліміздегі жалғыз АЭС Ақтауда 1973-99 жылдар аралығында жұмыс істеді. Бүгінде Қазақстанда атом энергиясы қолданылмайды. Елімізде АЭС салу мәселесі жиі көтеріліп келеді. Мәселен, 2015 жылы ҚР Президенті Н.Назарбаев пен Жапония премьер-министрі Синдзо

СЭС-тен, 10 пайызы газдан және 5 пайызы мұнайдан алынады.

Алайда электр энергиясының жеткіліксіздігі қазірдің өзінде байқалады. Сондықтан Қазақстан электр энергиясын көрші елдерден импорттайды. Енді біз бүгін тоқталып отырған электр өндірудің балама жолы – АЭС – атом ядросы энергиясын электр энергиясына айналыратын қондырғы. Атом электрін алудың үш кезеңі бар. Біріншісі – ураннан ядролық энергия алу, одан – жылу энергиясына өту кезеңі, ал одан кейін – механикалық энергияға өту жолы. Бутурбинаны қозғап, электр генераторын жұмысқа келтіреді. Алдағы 50 жылда адамзат тарихта осы күнге дейін қолданған энергиядан да көп қуат көзін талап етеді. Бұл барлық технологияның электр қуатымен жұмыс істеуге көшуіне байланысты болуда. Қазірдің өзінде елімізде электр автокөлігіне сұраныс артқан.

АЭС-те қызмет жасайтын ресейлік ғалым Р.Алиев АЭС-тегі жағдайды авиациялық жағдаймен салыстырады, әуе кемесіндегі орын алған апат жайлы барлығы естиді, дегенмен күнде қаншама рейс ұшырылады. Сонда да ұшақ ең қауіпсіз көлік түрі болып саналады. АЭС-тен бас тартқан елдерде осы мәселеге қатысты қорқыныш әлі де бар. Мысалы, Чернобыльда болған жағдайдан кейін Италия АЭС құрылысына тыйым салған. Ал Фукусима апатынан кейін Жапония елдегі көптеген стансаның жұмысын тоқтатты. Германия да атомнан бас тартты. Бірақ Ресей, Қытай, Франция, АҚШ әлі күнге дейін АЭС құрылысын жалғастырып, оларды пайдалануға беруде. Ал Ұлыбританияда жаңа 20 энергетикалық блок салу жоспарланған, жаппай электромобильге көшу мәселесі қолға алынуда.

Жоғарыда аталған мәселелерді қорытындылай келе, мына ұсыныстар жасалады: АЭС салу және оны жүзеге асыру бойынша инфрақұрылымды нақтылау; АЭС салу құрылысын тәжірибесі бар елдің компаниясына табыстау; АЭС бойынша құзыреттілігі жоғары жауапты оператор ретінде арнайы органды қалыптастыру және оған Президентке тікелей есеп беретін мәртебе беру; АЭС-ке қажетті мамандарды даярлау, біліктілігін көтеру және ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру.

Ғалымжан КЕРІМБЕК,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қаржы және есеп кафедрасының доценті

Foreign language skills and knowledge of other cultures are an essential 21st century social skill for individuals in their personal lives, as professionals in a globalized marketplace, and as global citizens in a globalized world.

Stein-Smith, Kathleen

There is no magic in learning a foreign language!



The content of foreign language teaching is fundamentally different from the content of teaching other subjects. If for the latter the basis of the content of teaching is the assimilation of concepts, acquisition of knowledge, then in teaching a foreign language the main answer to the question 'What to teach?' is speech skills and abilities, providing the possibility of practical use of the language.

The curriculum at Al-Farabi University includes the study of English as a compulsory subject for all students pursuing a major in any of the institution's academic disciplines. The purpose of this article is to familiarise first-year students with the English study program they will cover during their initial year at university. In compliance with the university program the English course lasts for 2 semesters, 3 hours per week with 2 midterm exams and 2 final exams after the end of the semester.

Our mission in the English Language Learning Program at Al-Farabi University is to help our students to achieve their personal and academic goals by providing high-quality English language instruction in a warm, welcoming, inclusive, and friendly environment, while also bringing valuable and diverse global perspectives to the University.

The primary objective of the university foreign language

teaching program is to develop students' communicative competence and intercultural communication skills. As a rule, students come with divergent English levels and our task before the academic year to group them by their English competence level since for teachers it presents difficulty to meet the language needs of students at different proficiency levels in the same class period.

The University study program aims to develop all four skills in reading, writing, speaking and listening which are the key elements in the teaching and learning English and develop grammar, pronunciation and lexis skills. Successful acquisition of these skills will enable students to utilize English in actual communication situations, and they will be able to think, judge, and to express themselves appropriately.

The principal method we apply in teaching our students is communicative language teaching methodology. The main purpose behind communicative language teaching methods is to prepare students to be confident communicators in different real-life contexts, through repetitive oral practices and student-student cooperation.

Our Foreign Languages Department has the teaching staff who are truly devoted to their profession. They dispose a big combination of effective teaching strategies that give their students more opportunities to perform better in class. And provided that students are industrious, zealous, motivated and are persistent in their goal to

master a foreign language and with all these qualities successfully complete the University program they can be sure to achieve the following skills: **in reading they can** demonstrate understanding of the main points in special texts on familiar and unfamiliar topics to a satisfactory level of comprehension; identify and demonstrate understanding of key information and points of view on a variety of topics in a range of text types such as original articles and argumentative texts; **in writing they can** write about a variety of familiar subjects well enough for others to understand the text; can express opinions and ideas in online correspondence and respond to those of other people; can write a variety of essays: describing problems and solutions; **in listening they can** demonstrate understanding of main ideas and some details of straight forward factual information in clear standard speech; can demonstrate understanding of the main points of spoken interactions and extended discussion; can demonstrate understanding of lectures, audio and audio-visual material on familiar and some unfamiliar topics; **in speaking they can** enter unprepared into conversations on familiar topics; can give and seek personal opinions when discussing various topics; can deliver clear, coherent prepared presentations; can take an active part in discussion in familiar contexts, accounting for and sustaining views.

In conclusion, we must inform our Al-Farabi students of the following: We explicitly state that foreign language acquisition is a complex, multidimensional process. Every student should bear in mind that learning a foreign language is a complex, time-consuming task that requires dedication, perseverance and hard work. These are the qualities that facilitate success in the acquisition of a foreign language.

There is no magic in learning a foreign language!

Zh.DOSMAGAMBETOVA, K.ZHIRENSHINA,
Foreign Language Department

Vocabulary is King!

I would like to share with you my interesting experience of 'learning' the Chinese language when I visited China. Before I left for China, I made a list of words and phrases that are used in hotels, shops, on the street, when you're talking to people. It was a good idea to make this list because, although I had a mobile phone translator, it sometimes took a while to find the word or phrase I needed. I felt comfortable in China thanks in part to the word list.



Vocabulary is KING! But it would be an error to argue that grammar is unimportant. Without knowing grammar rules, it is impossible to utilise one's vocabulary effectively, as grammar provides the rules for combining words into sentences..

Nevertheless, the more vocabulary you know, the faster you can develop your language skills. It's a simple fact: if you have a rich vocabulary at your disposal you are able to convey your ideas effectively to an interlocutor even if what you say may not be perfectly grammatically correct.

Needless to say, to become fully fluent in a foreign language, you'll eventually need to have a good competence of grammar. But again, having a strong, well-developed vocabulary will help with this. Grammar is all about combining words into sentences so as to make sense and communicate your ideas, thoughts, opinions to other people.

So what can you do to build your English vocabulary quickly and effectively? Here are the tips for better vocabulary learning. First of all it is good idea if have a special notebook for this purpose.

1. Write down new words. The act of writing the words helps you remember them better.

2. Revise the words regularly. Make five minutes each day to revise your English vocabulary. The more you look backwards, the faster you go forwards!

3. Learn the word in a sentence, then put the word into your own sentence and keep using it. That way, you know how the word is used in real life. Use it or lose it!



4. It is better to focus on a few words, and give yourself a chance to understand and remember them. If you learn too many new words at once, it can be too much for your brain.

5. A good way is recording yourself speaking a list of new vocabulary and its translations, and listening back when you're doing some other task.

6. Try using nouns in the plural forms and verbs in different tenses. There are lots of exceptions in English grammar.

For students who want to achieve excellence in a foreign language, we offer the following study timetable: Today is Monday (A) Study for 30 minutes on Tuesday. (B) Study for 10 minutes at a time on Tuesday, and Wednesday. (C) Study for 10 minutes at a time on Thursday and Friday. (D) Study for 30 minutes on Sunday.

Just add this study timetable in your time management calendar and everything will be OK!

We wish you success!

A.MULDAGALIYEVA,
Foreign Language Department

STORY CORNER

Colonel Sander's story is one of the best around, regardless of whether you agree with KFC or not. It's a great story of resilience and proof that you can achieve success if you don't give up.

Let's paint the picture in your head. Imagine an older man living from one social security check to another. He lived in a tiny house and drove around in a distressed car. At 65 years old, he decided that he had to change

Colonel Sanders and Kentucky Fried Chicken

This is a very interesting story that encourages and inspires motivation.

his life – and considering what he had to offer, he went with his chicken recipe.

Many of his friends and family had complimented his cooking, so he decided that was his best

shot at changing his life. So, Harland Sanders traveled all across the United States, trying to sell his chicken recipe. He told restaurant owners he would give the recipe away for free if he were

entitled to a small percentage of sales. Unfortunately, Harland Sanders heard "no" over 1,000

times. Notably, he didn't give up. He knew that he had something special and finally heard a yes.

Of course, you know the rest – KFC was born and remains one of the most successful businesses.

<https://astrumpeople.com/inspirational-short-stories/>

Нұрдәулет – паралимпиаданың күміс жүлдегері

Нұрдәулет Жұмағали Париж паралимпиадасының финалында SB13 санатында 100 метрге брасс әдісімен жүзуден бақ сынап, күміс медаль жеңіп алды. Ол Токио паралимпиадасында қола жүлде жеңіп алған болатын.

Нұрдәулет – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі. Оқу ордасындағы жаттықтырушысы Қуат Орынбекұлына үнемі жылы лебізін білдіріп жүреді. Нұрдәулет БАҚ-қа берген бір сұхбатында: «Ұстазыма ризамын. Түрлі жарысқа қатысып келгеннен кейін университет студенттерімен бірге күтіп алу шарасын ұйымдастырып, жан-жақты қолдау білдіретін. Сондай шын ниетті қолдау, қамқорлықтың арқасында жеңіске деген талпынысым арта түседі. ҚазҰУ туралы осындай жылы естеліктер есімде, ұмытқаным жоқ», – деген еді.

Міне, енді Нұрдәулет Па-



рижде өтіп жатқан паралимпиада ойындарында пара жүзуден күміс жүлдегер атанып, ел абыройын асырып, университет мерейін тасытты. Жеңімпазға дәріс беріп, жетістіктерінің куәсі болған оқытушы-ұстаздар айрықша мақтанышқа бөленді. Нұрдәулет сынды танымал спортшылардың әрбір жеңісі студент

жастарға үлгі. Өзіңдей жігерлі спортшы тәрбиелеп өсірген ата-анаңа, қолдау көрсетіп жүрген бауырларыңа университет алғыс білдіреді.

Жеңісті сәттерің көп болсын, Нұрдәулет! ҚазҰУ өзіңмен мақтанады.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Тіл – өлшеусіз қазына

«Қазақстан халқының тілдері күні» апталығы аясында жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының оқытушылары шетелдік студенттерге «Тіл – өлшеусіз қазына, өрісі кең өлем» тақырыбында іс-шара өткізді.



Кафедраның оқытушылары мереке жайында, тілдің мәні туралы шетелдік студенттерге түсіндіріп, бейнежазба, танымдық тапсырмалар, тілдің құдіреттілігіне байланысты музыкалық шығармалар ұсынды.

Өткен іс-шараның жалпы мақсаты – шетелдік студенттердің мемлекеттік тілді және басқа да тілдерді үйренуіне, тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейтуге арналды. Сондай-ақ тіл байлығын дамытуға байланысты қолдау көрсету, ынталандыру, тілдерге сүйіспеншілік пен қызығушылықты, достық пен өзара түсінушілікті насихаттауға бағытталды.

Іс-шараға Қытай, Корея, Жапония және басқа да елдер-

ден келген шетелдік студенттер қатысты.

Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының аға оқытушысы А.Қазмағамбетова сөз алып, Қазақстан халқы тілдерінің күні ерекше мереке екеніне, себебі 5 қыркүйек – қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні екеніне тоқталды. Сонымен қатар Қазақстанда түрлі ұлттар мен ұлыстар өмір сүретінін, олардың әрқайсысының ана тілі бар екенін, тіл арқылы адамдар бір-бірін танып-біле алатынын және кез

келген халықтың рухани мәдениеті, дәстүрі, салтымен танысу үшін де тілге жүгінетінін тағы бір еске салды.

Тіл мерекесіне арналған танымдық іс-шара мәдени диалог түрінде шетелдік студенттердің белсенді қатысуымен ұйымдастырылды. Мұндай рухани кеш Қазақстан Республикасында өмір сүретін ұлттар достығының дамуына өз үлесін қосты деуге болады.

Айгүл САДЕНОВА,
Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының оқытушысы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жаңа оқу жылының алғашқы күні басталды. Биыл еліміздегі көшбасшы жоғары оқу орнын 7228 білім алушы таңдады. Оның ішінде бакалавриатқа – 5974, магистратураға – 771, докторантураға – 483 студент түсті.

Студенттермен танысу шаралары өтті



Университеттегі алғашқы күнінде білім алушы жастармен министрлік өкілдері және ҚазҰУ басшылығы еркін форматта кездесу өткізді.

Жүздесуде ҚР ҒЖБМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Ақерке Абылайхан сөз сөйлеп, студенттердің алдағы жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

Өз кезегінде әлеуметтік даму жөніндегі проректор міндетін атқарушы Сәбит Суатай ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың құттықтауын жеткізді. Проректор Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін таңдағаны үшін студенттерге ризашылығын білдірді. Сондай-ақ өз сөзінде ҚазҰУ-дың бүгінге дейін жеткен жетістігі туралы айтып, болашақта білім алушы жастардың игілігі үшін жасалатын жұмыстарға тоқталды.

Сонымен қатар Білім кү-

ніне орай, әр факультет декандары факультетке оқуға түскен бірінші курс студенттерімен кездесіп, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

«Мен 9-сыныптан бері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға оқуға түсуді армандадым. 11-сыныпты бітіргеннен кейін география және табиғаты пайдалану факультетінің «Экология» мамандығына оқуға түстім. Арманым орындалды. Экология саласы еліміз үшін өте қажетті. Сол себепті осы мамандықты таңдадым. Болашақта өз ісімнің маманы болуға дайынмын», – дейді Айкен Әбілқасым.

Айта кетейік, ҚазҰУ қалашығындағы жатақханаларда да бірінші курс студенттері үшін таныстық шаралары ұйымдастырылуда. Жастарға білім ордасының тарихына қатысты викториналық сұрақтар қойылып, ән кеші өткізілді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басыла, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.